SuperApp мобилді қолданбасында клиенттерге жеке кредиттік ұсыныстарды қалыптастыру және көрсету қағидаларына

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы SuperApp мобилді қолданбасында «Фридом Банк Қазақстан» АҚ клиенттерге жеке кредиттік ұсыныстарды қалыптастыру және көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Банктің Клиенттерге SuperApp-та Банктің Кредиттік өнімдері бойынша жеке ұсыныстарды қалыптастыру және көрсету тәртібін айқындайды.

2. Жеке ұсыныс Банкте бар деректер негізінде Банк қалыптастыратын және Клиентке ақпараттық мақсатта ұсынылатын Кредиттік өнім параметрлерінің дербестендірілген есебін білдіреді. Кредиттік өнімді ұсыну және оның параметрлері туралы түпкілікті шешім Банкпен Клиенттің кредиттік өтінімін қарау нәтижелері бойынша қабылданады.

3. Жеке ұсыныстың көрсетілуі Банктің тиісті Кредиттік өнімді ұсыну жөніндегі міндеттемесі болып табылмайды, өтінімнің, қарыз сомасының не Кредиттік өнімді ұсыну талаптарының түпкілікті мақұлдануын білдірмейді және Клиенттің қосымша қарау рәсімдерінен өту қажеттілігін жоққа шығармайды.

4. Жеке ұсыныс:

1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395 және 396-баптарының мәнінде оферта, оның ішінде жария оферта болып табылмайды және Банктің банктік қарыз шартын жасасу міндеттемесін туындатпайды;

2) Банктің Кредиттік өнімді ұсыну туралы түпкілікті шешімі болып табылмайды, кредиттік өтінімнің, банктік қарыз сомасының не талаптарының мақұлдануын білдірмейді;

3) Клиенттің кредиттік өтінімін қарау нәтижелері бойынша Банкпен расталуға және түпкілікті ресімделуге жатады;

4) банктік қарыз шарты жасалған сәтке дейін кез келген уақытта Банкпен өзгертілуі, шектелуі немесе кері қайтарып алынуы мүмкін.

5. Банк кез келген уақытта Жеке ұсыныстарды қалыптастыруды және көрсетуді өзгертуге, шектеуге, тоқтата тұруға не тоқтатуға, сондай-ақ Клиентті қосымша бағалау нәтижелері бойынша Жеке ұсыныстың параметрлерін қайта қарауға құқылы.

6. Осы Қағидалар Банк белгілеген тәртіппен Жеке ұсыныс ұсынылуы мүмкін SuperApp мобилді қолданбасының пайдаланушылары — жеке тұлғаларға Жеке ұсыныстарды қалыптастыруға және көрсетуге байланысты қатынастарды реттейді.

7. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар, терминдер, анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) Банк – «Фридом Банк Қазақстан» АҚ;

2) Жеке ұсыныс – Банкте бар деректер негізінде Банк қалыптастырған, Клиентке ақпараттық мақсатта ұсынылатын Банктің Кредиттік өнімі параметрлерінің дербестендірілген есебі. Жеке ұсыныс жария оферта, Кредиттік өнімді ұсыну жөніндегі Банктің міндеттемесі не кредит беру туралы Банктің түпкілікті шешімі болып табылмайды;

3) Клиент – SuperApp мобилді қолданбасында тіркелген және авторландырылған, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сәйкестендіруден өткен, сондай-ақ тиісті Кредиттік өнім бойынша Банктің жас ерекшеліктеріне және өзге де талаптарына сәйкес келетін жеке тұлға;

4) Кредиттік өнім – «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген банктік операциялар шеңберінде банктік қарыз ұсыну жөніндегі Банктің қаржылық қызметі;

5) SuperApp мобилді қолданбасы (бұдан әрі – SuperApp) – мобилді құрылғыға орнатылған қолданба (бағдарламалық қамтамасыз ету) арқылы қашықтан электрондық банктік қызметтер мен Банк серіктестерінің қызметтерін алуға арналған мобилді қолданба;

6) Есеп-айырысу лимиті – тиісті Кредиттік өнім бойынша Жеке ұсыныс құрамында Банк есептеген банктік қарыз сомасы. Есеп-айырысу лимиті мақұлданған банктік қарыз сомасы, көрсетілген сомада банктік қарыз ұсыну жөніндегі Банктің міндеттемесі не кредиттік өтінімді түпкілікті қарау нәтижесі болып табылмайды.

2-тарау. Арна және Клиенттің келісімі

8. Жеке ұсыныстар тек Клиент сәйкестендіруден өткеннен кейін SuperApp-тың авторландырылған аймағында қалыптастырылады және көрсетіледі.

9. Жеке ұсыныстар туралы ақпарат Банкпен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген Клиенттің осындай хабарламаларды алуға жеке келісімінсіз SMS-хабарламалар, push-хабарламалар, электрондық пошта және өзге де электрондық байланыс арналары арқылы жіберілмейді.

10. Жеке ұсыныстарды қалыптастыру және көрсету Банкпен банктік қызмет көрсету шартының құрамында ресімделген Клиенттің көрсетілген мақсаттар аясында, сондай-ақ «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді өңдеуге келісімі негізінде жүзеге асырылады.

3-тарау. Жеке ұсыныстарды қалыптастыру және көрсету тәртібі

11. Банк Клиенттерге Жеке ұсыныстарды SuperApp-тағы тиісті сервис арқылы қалыптастырады және көрсетеді.

12. Клиенттің сервисті жеке қосуы талап етілмейді. Жеке ұсыныс тиісті Кредиттік өнім бойынша Банкпен қалыптастырылған Жеке ұсыныс бар болған жағдайда көрсетіледі.

13. Клиент Жеке ұсыныспен танысу үшін SuperApp-тың тиісті бөліміне өту қажет.

14. Сервис аясында тізбесі Банкпен айқындалатын Кредиттік өнімдер бойынша Жеке ұсыныстар көрсетілуі мүмкін.

15. Әрбір Кредиттік өнім бойынша Жеке ұсыныс құрамында төмендегілер көрсетілуі мүмкін:

1) Кредиттік өнімнің атауы;
2) Есеп-айырысу лимиті;
3) өтінімді одан әрі ресімдеуге өту сілтемесі немесе батырмасы;
4) SuperApp-тағы Кредиттік өнімнің толық шарттары бетіне сілтеме;
5) Кредиттік өнімнің визуалды элементі (белгішесі).

16. Жеке ұсыныс Банкте бар деректер негізінде Банкпен қалыптастырылады.

17. Жеке ұсынысты көрсету фактісі көрсетілген Есеп-айырысу лимитінде, көрсетілген шарттарда не көрсетілген мерзімде Кредиттік өнімнің берілуіне кепілдік бермейді.

18. Тиісті Кредиттік өнімді ресімдеу үшін Клиент кредиттік өтінімді қарастыру тәртібінен өтуі қажет.

4-тарау. Жеке ұсыныстарды көрсетудің ерекшеліктері

19. Клиентке бір немесе бірнеше Кредиттік өнім бойынша Жеке ұсыныстар бір мезгілде көрсетілуі мүмкін. Жеке ұсыныстар тиісті Кредиттік өнім бойынша параметрлерді алдын ала есептеу мақсатында Клиенттің көрсеткіштерін талдау негізінде Банкпен қалыптастырылады.

20. Әртүрлі Кредиттік өнімдер бойынша Жеке ұсыныстардың параметрлері ерекшеленуі мүмкін және олардың әрқайсысы бойынша бөлек айқындалады.

21. Клиентке бір Кредиттік өнім бойынша Жеке ұсыныстың көрсетілуі басқа Кредиттік өнім бойынша Жеке ұсыныстың автоматты түрде болуын білдірмейді.

22. Жеке ұсыныстар әрбір Клиент үшін Банкте бар деректер негізінде жеке-дара қалыптастырылады және айына кемінде бір рет жаңартылып тұрады. Жеке ұсыныс Клиенттің тиісті Кредиттік өнімді ресімдеуге өткен сәтіне дейін, алдын ала есептелген параметрлердің өзектілігі жоғалғанға дейін не осы Қағидаларда көзделген тәртіппен оның көрсетілуі тоқтатылғанға дейін көрсетілуі мүмкін.

23. Кредиттік өнімді ресімдеуге өту үшін Клиент SuperApp-та Жеке ұсынысты таңдайды және өтінімді ресімдеуге өту батырмасын/сілтемесін басады.

24. Клиент Жеке ұсыныс бойынша Кредиттік өнімге өтінім берген кездегі Банктің құқықтары:

1) қосымша мәліметтер мен құжаттарды сұрату;
2) Клиентке қосымша бағалау жүргізу;
3) Клиенттің нақты көрсеткіштерін ескере отырып, Жеке ұсыныстың бұрын көрсетілген параметрлерін өзгерту;
4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер болған кезде Кредиттік өнімді беруден бас тарту.

25. Банк Клиентке Жеке ұсыныстар сервисін не сервис құрамындағы жекелеген Кредиттік өнімдерді көрсетпеуге құқылы, оның ішінде келесі жағдайларда:

1) тиісті Кредиттік өнім бойынша өзекті Жеке ұсыныстың болмауы;
2) Жеке ұсынысты қалыптастыру үшін деректердің жеткіліксіздігі;
3) Клиенттің тиісті Кредиттік өнімнің жекелеген талаптарына сәйкес келмеуі;
4) Клиентте тиісті Кредиттік өнім бойынша белсенді өтінімнің және/немесе бұрын берілген Кредиттік өнімнің болуы;
5) техникалық шектеулердің болуы;
6) сервистерді сүйемелдеу және жаңарту бойынша жұмыстардың жүргізілуі;
7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулердің болуы.

5-тарау. Клиентті Жеке ұсыныстың құқықтық мәнімен таныстыру және сервистен бас тарту

26. SuperApp-та Жеке ұсыныстарды көрсету кезінде Клиентке төмендегілерді қамтитын қысқаша ақпарат көрсетіледі:

1) Жеке ұсыныс Кредиттік өнім параметрлерінің дербестендірілген есебі болып табылатынына және Кредиттік өнімді мақұлдау болып табылмайтынына нұсқау;
2) Кредиттік өнімді ұсыну, оның сомасы мен талаптары туралы түпкілікті шешімнің Банкпен Клиенттің кредиттік өтінімін қарау нәтижелері бойынша қабылданатындығына нұсқау;
3) осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Банктің Жеке ұсыныс параметрлерін өзгерту, оны кері қайтарып алу не Кредиттік өнімді ұсынудан бас тарту құқығына нұсқау;

27. Банк Клиентке Жеке ұсыныстың және осы Қағидалардың 27-тармағында көзделген ақпараттық блоктың көрсетілген фактісін, оның ішінде Клиенттің сәйкестендіргішін, көрсетілген күні мен уақытын, көрсетілген ақпараттық блоктың нұсқасын, сондай-ақ Жеке ұсыныстың көрсетілген параметрлерінің құрамы мен мәндерін тіркеуді қамтамасыз етеді. Көрсетілген мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ІҚ-да белгіленген мерзім ішінде, бірақ тиісті құқықтық қатынастарға қолданылатын талап қою мерзімінен кем емес мерзімде Банкте сақталады.

28. Клиент Банктің қолжетімді қызмет көрсету арналары, оның ішінде SuperApp-тағы онлайн-чат және/немесе Банктің ресми сайтында көрсетілген өзге де арналар арқылы өтініш жіберу арқылы Жеке ұсыныстарды қалыптастырудан және көрсетуден кез келген уақытта бас тартуға құқылы. Осындай бас тартуды алған кезде Банк Клиентке қатысты Жеке ұсыныстарды қалыптастыруды және көрсетуді тоқтатады.

29. Клиенттің Жеке ұсыныстарды қалыптастырудан және көрсетуден бас тартуы Клиентке өзге банк қызметтерін көрсетуге қатысты шектеулерге әкеп соқпайды.

6-тарау. Шектеулер мен жауапкершілік

30. Егер кредиттік өтінімді қарау нәтижелері бойынша Клиент Банктің талаптарына сәйкес келмесе, Банк Жеке ұсыныста көрсетілген параметрлерде Кредиттік өнімді берудің мүмкін еместігі үшін жауапты болмайды.

31. Банк Клиентке Жеке ұсыныстардың тұрақты көрсетілуіне, сондай-ақ бұрын көрсетілген параметрлердің сақталуына кепілдік бермейді.

32. Жеке ұсыныс Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395 және 396-баптарының мағынасында оферта, оның ішінде жария оферта, Банктің банктік қарыз шартын жасасу жөніндегі міндеттемесі болып табылмайды және Клиенттің кредиттік өтінімін қарау қорытындылары бойынша Банктің шешімін алмастырмайды.

7-тарау. Қорытынды ережелер

33. Осы Ережелер Банктің Басқармасы оларды бекіткен күннен бастап күшіне енеді және олардың күші жойылғанға не жаңа оқылымы/өзгерістер мен толықтырулар бекітілгенге дейін қолданылады.

34. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес шешіледі.

35. Осы Ережелердің өзекті оқылымы келесі мекенжай бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылады: https://bankffin.kz.